Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Алматы облыстық білім басқармасы»ММ
«Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі» МКҚК



# Мамандыққа жол...

**Дайындаған:** Қамбарова Жанат Серікбайқызы

**Жетекшісі:** қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

Егизбаева Рамина Русланқызы

**Мамандық алғың келе ме,**
**Мамандық өзі немене?**
**Айналаң толған мамандық,**
**Айналаң толған өнеге.**



# 1. Мамандық дегеніміз не?

- *Білім алу, үйрену.*
- *Адамды материалдық жағынан қамтамасыз ететін іс-әрекет түрі.*
- *Адамның сол мамандыққа қабілетінің сай келуі, белгілі бір іскерліктердің болуы*
- *Мамандық дегеніміз- адамның белгілі бір қызмет атқаруына мүмкіндік беретін материалдық не рухани өндірісте алған білімі мен өмірлік дағдысының жиынтығы.*

# МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ  ФАКТОРЛАРЫ



Қызығушылық

# Мамандық таңдау

Қабілет

Бейімділік



**Алуан-алуан кәсіп бар**
**Таңдай біл де талап қыл**







# *Мен таңдаған мамандық*





# «Аспазшы»

Әрбір пенде өмір жайлы, болашақ жайлы ойланғанда болашақ мамандық туралы да ойлануы ақиқат. Мен өз таңдаған мамандығымды сүйемін. Неге? Өйткені, бұл дүниеде астан, тамақтан қадірлі, қымбат, қастерлі еш нәрсе жоқ деп білемін. Әрбір адам мамандық туралы әрқалай түсінеді. Біреулері – материалдық жағдайдың жетістігі деп білсе, ал біреулері – кәсіби деңгейінің жоғары жетістігі деп біледі. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде-ақ мен болашақ мамандық жайлы көп ойланатынмын, сол кезде-ақ мен өзімді **«шебер аспаз»** ретінде елестетіп, бұл мамандықты нағыз өзімнің ісім деп білетінмін. Басқа мамандықтардан осы **«аспаз»** мамандығын өзіме жақын тұтамын.



Қазіргі уақытта мен Үшқоңыр ауылындағы «Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжінің» МКҚК «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығында оқимын. Арманыма бір қадам жақындадым деп ойлаймын. Менің осы арманым – шың басындағы таушымылдықтай аяулы, таудан аққан тас бұлақтай мөлдір, күн сәулесіндей шат, таңғы ауадай саф.














**Аспаздардың міндеті - тәтті тағамдарды пісіру (менің шығармашылығым)**












очень
вкусно
MIRGIF.COM







Таңдаған мамандығыңның жетістіктеріне жетуге, шебері болу үшін тек жақсы оқу ғана керек емес, сонымен қатар өзіңнің жеке және шеберлік сапаларыңды дамыту қажет, ешбір кедергісіз алдыға қарай ұмтылу керек



Маған өзімнің таңдаған мамандығым ұнайды. Болашақта «жақсы маман», «білікті маман», «кәсіби маман» иесі атанғым келеді. Қазақстан Республикасының тамақ өнеркәсібін дамыту үшін қызмет жасағым келеді. Отбасымда арнайы «аспаз» мамандығына оқыған адам жоқ. Бұл менің өз қалауым, жүрек қалауым. Маған ешкім де «аспаз» мамандығына оқы немесе басқа кәсіп иесі бол деп те айтқан жоқ. Мен өзім таңдаған мамандығымды сүйемін. Болашақта жақсы жұмыс орнына орналасып, жұмысымның жемісін көрсем деймін.

***Назар аударғандарыңызға***

***рахмет!!!***

